

Дін немесе сенім бостандығы мен қауіпсіздік мәселері төңірегіндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ жобасы бойынша өткізілетін қорытынды іс-шараға дайындалған баяндама

Қаңтар 13, 2018. Астана

Құрметті төраға мырза,

Құрметті ханымдар мен мырзалар,

Осы іс-шарада Қазақстанның Баһаи Қауымдастығынан өкілдік ете отырып, мен дін мен сенім бостандығы мәселелеріне қатысты ЕҚЫҰ-ның қорытынды іс-шарасындағы талқылауға үлес қосу мүмкіндігі үшін алғысымды білдіремін.

Бздің қоғамымыздағы дін жайындағы сұхбат пен діндер жайындағы Заңның жаңа жобасын талқылау үрдісінің қатысушылары ретінде біз барлық тараптардың назары мен біріккен әрекеттерін талап ететін қоғамда көрініс тауып жатқан үрдістерге байланысты қандай мүмкіндіктер мен талаптардың пайда болатынын байқаймыз.

Ғасырлар бойы әлеуметтік ыдыраудың, төзбеушіліктің, жеккөрініштің, кедейліктің, қанаушылықтың және соғыстардың басты себебі діннің бұрмалануы болды. Өркениеттің дамуына үлес қосуға қабілетті болу үшін дін надандықтан, соқыр наным-сенімнен және өшпенділіктен еркін болуы тиіс. Алайда діннің өмірлік маңызды ықпалын қолдап, сақтап қалу үшін жекеленген және кенеттен жасалған күш-жігер жеткіліксіз. Жан-жақты қызығушылық пен қатысушылық және оған қоса келісімді әрі бірлескен әрекеттер қажет.

Біз жаңа заңның қабылдануы Қазақстан халқының анағұрлым зор қауіпсіздігін, бостандығын, бірлігі және гүлденуін қамтамасыз ету үшін қызмет етуге құрылғанына үміттенеміз. Осы орайда, біздің пікірімізше, көз жазып қалмау қажет бірқатар сұрақтар бар.

Мемлекеттің алдында, бір жағынан, азаматтардың құқықтарына кепіл болып, оларды қорғайтын, ал басқа жағынан, дінді алауыздық, төзбеушілік, фанатизм, және ақыр соңында, радикализмді танытудың құралы ретінде пайдалану мүмкіндігін жоятын заңдық нормаларды орнату сияқты күрделі тапсырма тұр.

Заңның көмегімен елдегі экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақтылық, тұрғындардың әл-ауқаты байланысты болған дін бостандығын қалайша толықтай қамтамасыз етіп, қорғауға болады? Заң діни белгісі бойынша кемсітушілікті жоюға қалайша ықпал ете алады? Қоғамдағы діннің орны мен оны талқылау мәселелеріндегі өзгешелеу, салыстыру, жатсыну айқындамаларын жеңіп, оның орнына қабылдау, ашықтық, риясыздық, бойұсынушылық пен ізгі ниеттілік ахуалына қалайша жағдай жасауға болады?

Қоғамдағы жеке топтардың шиеленісуіне алып келетін себептер қандай? Қандай пәрменді шаралар оларды алдын ала алады? Діни іс-әрекеттерге шектеу қоюдың мүмкін болар салдары қандай? Талқандаушы күштерге қарсы күресте басқа да пәрменді шаралар бар ма?

Осы және көптеген басқа да сұрақтар, біздің ойымызша, жақын арада сұхбатқа қатысушылардан заманауи және өзгеріп жатқан жағдайларға сай жауаптарды іздестіруде анағұрлым көбірек қатысушылықты талап ететін болады. Бұнда осы ізденіс табиғатының қандай болатынын және қатысушылардың қандай анағұрлым кең топтары оған тартылу керектігін түсіну маңызды болмақ.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер бізге талаптар ғана қоймай, соған қоса жаңа мүмкіндіктерді де ашады. Біз «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» дін істері және азаматтық қоғам Министрлігі жасап шығарған заң жобасын талқылауда діни бірлестіктерді, қоғамдық ұйымдарды, талдаушылар мен сарапшылардың кең топтарын тартудағы мемлекет талпынысындағы болашағы зор бастаманы көріп тұрмыз. Берілген заң жобасын әр алуан қоғамдық алаңдарда талқылау мемлекет пен азаматтық қоғамның әр түрлі сегменттерінің арасындағы сұхбатты орнату үрдісіне куә болады. Оған қоса дін немесе сенім бостандығы мен қауіпсіздік мәселелері төңірегіндегі сұрақтар талқыланатын кеңістікті жасау да мемлекеттің сұхбатты жақсартуға және қоғамдағы хабардар болуды жоғарылату үшін жағдай жасауға деген талпынысының жанды дәлелі болып табылады.

Сұхбат қатысушылары болып мемлекет пен азаматтық қоғамның әр түрлі сегменттері шығатын осындай кеңістіктердің анағұрлым көп санының ашылуы, біздің сенуіміз бойынша, мемлекет пен қоғамның арасындағы сенім мен өзара қолдау ахуалының орнауына негіз ретінде қызмет етіп, соған қоса қоғамдық қауіпсіздік сұрақтарының шешіміне көмегін тигізеді.

Осы сұрақта біздің барлығымызды алдымызда тек ресми көзқарастан, пікірді табанды түрде қорғаудан еркін болатын, барлық қызығушылық танытқан тараптар шақырылып, сұхбат қатысушыларының барлығының дауыстарының есептелуіне көз жеткізілетін риясыз және ашық сұхбаттың болуы үшін кеңістікті жасау сияқты тапсырма тұр.

Тағы бір ашылатын мүмкіндіктер ретінде біз діни қауымдастықтардың арасындағы сұхбаттың нығаюын көреміз. Осы орайда діни ұйымдардың өзара бірлесе отырып, қоғаммен және мемлекетпен бірге жастар арасындағы адамгершілікті нығайтуда, неке институтының киелілігін сақтауда, біздің қоғамымызда бейбітшілік, қабылдаушылық пен ашықтық идеяларын алға жылжытуда, сондай-ақ жас ұрпақты өмірге қатысты енжар ететін және үмітсіздікті тудыратын тұтынушылық мәдениетінің бәрін бойлайтын ықпалынан қорғауда алатын орнын маңызды деп есептейміз. Одан бетер адам табиғаты, өркениеттің алға өрлеуіндегі ғылым мен діннің орны, қоғамның дамуындағы жас ұрпақтың орны, адамның жоғарғы табиғатын ұғыну сияқты тақырыптар талқыланатын кеңістіктерді жасау рухани күштердің босауына ықпал етіп, адам ойын бірлік құруға қарай бағыттап, қоғамның гүлденуі мен игілігіне үлес қосады.

Бүгінгі ұждан, сенім немесе дін бостандығы туралы сұхбатымыз мемлекет пен қоғам арасындағы өзара қолдау мен сенімді орнатудағы кедергілерді жойып, жаһандық қауымдастықтың ақиқаттылығымен біріктірілген қазақстандық қоғамның дамуының кезекті анағұрлым жоғары деңгейіне шығуға мүмкіндік беретініне үміттенеміз.